

САРАЙШЫҚТЫҢ САН ҚЫРЛЫ ТІРШІЛІГІ

4-БЕТ | МӘСЛИХАТ



МЕРЕЙЛІ ӨНЕР ОРДАСЫ

6-БЕТ | ӨНЕРБАЯН



ЭТНОС ӨКІЛДЕРІНІҢ АЙТЫСЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Табиғат геосаясатсыз тіршілік ете береді, ал геосаясаттың табиғатсыз күні қараң. Елдеріміз тұтас экожүйеде өмір сүреді. Өзен-көлдер де, табиғи ландшафттар да, климаттың қауіп-қатерлері де баршамызға ортақ. Ең бастысы, жауапкершілікті теңдей бөлісеміз.

№48
(4946)
Сенбі
25 сәуір
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

БАЙҚАУДА ТОП ЖАРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллект саласындағы alem.ai battle ұлттық байқауы мен мемлекеттік органдар арасындағы AI Governance Cup байқауының жеңімпаздарын марапаттады.

«Үздік ЖИ-шешімдер байқауында мемлекеттік органдар арасынан Ішкі істер министрлігі («AI қауіпсіздік» аталымы бойынша), Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі («AI экономика»), Астана қаласының әкімдігі («AI әлеуметтік саясат»), Ақмола облысының әкімдігі («AI өңір»), Қарағанды облысының әкімдігі («AI азаматтарға қызмет») және «KEGOC» АҚ («AI квазимемлекеттік сектор») топ жарды» делінген ресми хабарламада.

ЖАҢА РЕЙСТЕР ҚОСЫЛАДЫ

FlyArystan жаз мезгіліне ішкі бағдарлар бойынша рейстердің санын көбейтеді.



Астана-Шымкент-Астана бағдары бойынша – 1 маусым мен 31 тамыз аралығында рейстердің жиілігі жекелеген күндерде күн сайын 4 ретке дейін артады: Астана-Қызылорда-Астана бағыты бойынша 6 маусым мен 29 тамыз аралығында – жаз мезгіліндегі жекелеген күндерде ұшу саны 2 рейске дейін ұлғаяды. Сондай-ақ халықаралық бағдарлар бойынша Астанадан Газипашқа (Түркия), Батуми мен Ыстықкөлге (Тамшы) рейстер шығарылады. Кутаисиге қосымша рейстер болады, ал Ташкент бағдары ұшу кестесі бойынша тұрақты негізде қала береді.



ОҚЫРМАНЫ КӨП ҚАЛА

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, бүгінде Қазақстанда 3912 көпшілікке арналған кітапхана жұмыс істейді. Бұл мекемелерде 10 мыңнан астам адам еңбек етеді. Еліміздегі кітапхана қорлары да ауқымды. Жалпы жинақталған қор 110,3 миллион басылымға жетсе, оның 69,6 миллионы – кітап. Ал Астанадағы қазіргі 25 кітапхананың барлығы толық жаңғыртудан өтіп, заманауи талаптарға сай жұмыс істеп тұр. Бүгінде қалалық кітапханалардың тұрақты оқырмандары саны 100 мыңға жетті. Ендігі меже – олардың санын 100 мыңнан асыру. Оған толық мүмкіндік бар, себебі қала тұрғындарының саны да артып келе жатыр. Қалалық кітапханалардың кітап қоры да өсуде. Бүгінде ол 850 мыңнан асты.

25 СӘУІР

ЕЛОРДАДА АБАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ КӨГАЛДАНДЫРУ БОЙЫНША АУМАҚТАРДЫ ТАЗАЛАУ АКЦИЯЛАРЫ ӨТЕДІ.



№48 (4946) 25/04/2026 Сенбі



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ОРТАЛЫҒЫНА БАРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев AI экожүйесін дамытуға арналған негізгі алаң саналатын Alem.ai халықаралық жасанды интеллект орталығын аралап көрді.

Орталықта жасанды интеллект саласындағы ғылыми зерттеулер мен білім беру бағдарламалары жүргізіліп, стартап-бастамалар мен басқа да қолданбалы шешімдердің енгізілуіне жағдай жасалады. Іске асып жатқан жобалар ЖИ технологиясын мемлекеттік секторда, бизнесте және күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік береді. Жалпы, орталық Мемлекет басшысының Қазақстанды технологиялық, заманауи және бәсекеге қабілетті елге айналдыруды көздейтін стратегиялық бағдарын орындау мақсатында құрылған. Президент орталықты аралау барысында Astana Smart City жобасының іске қосылғанына куә болды. Бұл – интеллектуалды қала инфрақұрылымының жаңа буынын қалыптастыратын маңызды бастама. Presight.AI компаниясының бас директоры Томас Прамотедхам қала жүйелері мен деректерді нақты уақыт режимінде біріктіретін бірыңғай AI-платформаны, сондай-ақ оның шаһарды басқару тиімділігін арттыру барысындағы қолдану мүмкіндіктерін таныстырды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар білім беру бастамасын іске қосу рәсіміне қатысты. Президенттің тапсырмасымен 2024 жылы Astana Hub жанынан Tomorrow School жасанды интеллект мектебі құрылған болатын. Енді оның табысты тәжірибесі ел көлемінде таратылмақ. Мемлекет басшысы телекөпір арқылы 14 өңірдегі Tomorrow School мектептерінің желісін ашты. Бұл мектепте кәмелет жастан асқан, соның ішінде ақпараттық технология саласына жаңа қадам басқан азаматтар тегін білім алады.

Тағы бір білім беру алаңы – цифрлық және шығармашылық дағдыларды меңгергісі келетін 12-18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған TUMO Astana креативті технологиялар орталығы. Мұнда генеративті жасанды интеллект, бағдарламалау, ойын ойлап табу, анимация, 3D-модельдеу, роботты техника, киноөнім және цифрлық музыка секілді 11 техникалық және креативті бағыт бойынша білім беріледі.

Бұдан бөлек, Президентке AI Research University тұжырымдамасы таныстырылды. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің айтуынша, зерттеу университеті Alem.ai базасында орналасады. Студенттер alem.cloud, AlemLLM секілді ұлттық жасанды интеллект инфрақұрылымын және Astana Hub ресурсын пайдалана алады. Оқу үдерісін биыл 1 қыркүйектен бастау жоспарланып отыр. Қасым-Жомарт Тоқаев «Болашақ ойындары-2026» халықаралық турниріне дейінгі кері санақты интерактивті форматта іске қосты. Фиджитал-атлеттер арасындағы дода Астана қаласында 29 шілде мен 9 тамыз күндері аралығында өтеді. Мемлекет басшысына отандық CryptoPay жүйесін пайдалану арқылы Қазақстандағы алғашқы криптовалютамен төлеу үрдісі көрсетілді.

Одан кейін Мемлекет басшысы Alem.ai battle және AI Governance Cup байқауларының жеңімпаздарын марапаттау рәсімінде сөз сөйледі.

Президент елімізде қоғамның барлық саласын қамтыған ауқымды реформалар жүзеге асырылып жатқанына тоқталды.

– Наурыз айында Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды. Бұл, ең алдымен, еліміздің келешегі үшін өте маңызды және тарихи қадам болды. Азаматтарымыз, әсіресе, жастарымыз мұны жақсы түсінеді. Олар республикалық референдумға белсене қатысып, Ата заңды қолдап, дауыс берді. Жұртымыз бір қоғам болып жауапкершілік пен отаншылдық рухының озық үлгісін көрсетті. Тұғырына қонған жаңа Конституцияда халқымыздың бірегей болмысы, басты құндылықтары мен биік мақсаттары көрініс тапты. Осы жиынға ел жастары, білімді, білікті, зияткер азаматтар қатысып отыр. Мен сіздерді Қазақстанның жарқын болашағы деп санаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы озық ойлы жастар елімізді биік белестерге бастап, ұлтымыздың мерейін өсіретініне сенім білдірді.

– Халық Конституциясы – өскелең ұрпаққа жол көрсететін темірқазық. Жаңа Ата заңымыз – Әділетті Қазақстанның мызғымас тұғыры. Заң мен тәртіп қағидаты мемлекетіміздің өзегіне, ұлт санасының арқауына айналды. «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы халқымыздың туған жерге, тұмса табиғатқа деген қамқорлығын күшейтті. Елімізде қоғамдық маңызы бар жұмысты міндет емес, қастерлі парыз санайтын нағыз жанашыр азаматтар көбейді. Біз оларды еріктілер немесе волонтерлер деп атаймыз. Міне, осы құндылықтардың бәрі де Халық Конституциясының преамбуласына арнайы жазылды. Мемлекеттің басты байлығы – адам. Сондықтан адам капиталын дамыту конституциялық міндет ретінде айқындалды. Бас құжатта еліміздің ғылым мен білімге, инновацияға басымдық беретіні нақты көрсетілді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде әлемнің аса жоғары жылдамдықпен дамып келе жатқанына назар аударды. Президенттің пікірінше, қазіргідей құбылмалы, дүрбелеңге толы заманда бәсекеге қабілетті ел болып, көш соңында қалмай, өркениетті елге сай өсіп-өркендей беру қажет.

– Елімізде осы бағытта нақты жұмыс істеліп жатыр. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды. Жаңа технологияларды енгізу үшін заңнамалық негіз жасалып, Цифрлық кодекс қабылданды. «Жасанды интеллект туралы» заң күшіне енді. Таяу арада Қазақстанның цифрлық даму бағдарын айқындайтын Digital Qazaqstan стратегиясы бекітіледі. Бәріңізге белгілі, биыл – елімізде «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы». Сондықтан алдымызда әлі де көп жұмыс бар. Ширақ қимылдап, тұтас қоғам болып табанды еңбек етуіміз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектінің қарқынды дамуы тәсілдерді үнемі жаңартып отыруды талап ететінін атап өтті.

– Есептеуіш инфрақұрылымын ілгерілету маңызды бағыт болып қала береді. Суперкомпьютер кластерінің іске қосылуы еліміздің технологиялық дербестігін нығайтуға деген қамқорлығын күшейтті. Елімізде қоғамдық маңызы бар жұмысты міндет емес, қастерлі парыз санайтын нағыз жанашыр азаматтар көбейді. Біз оларды еріктілер немесе волонтерлер деп атаймыз. Міне, осы құндылықтардың бәрі де Халық Конституциясының преамбуласына арнайы жазылды. Мемлекеттің басты байлығы – адам. Сондықтан адам капиталын дамыту конституциялық міндет ретінде айқындалды. Бас құжатта еліміздің ғылым мен білімге, инновацияға басымдық беретіні нақты көрсетілді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде әлемнің аса жоғары жылдамдықпен дамып келе жатқанына назар аударды. Президенттің пікірінше, қазіргідей құбылмалы, дүрбелеңге толы заманда бәсекеге қабілетті ел болып, көш соңында қалмай, өркениетті елге сай өсіп-өркендей беру қажет.

– Елімізде осы бағытта нақты жұмыс істеліп жатыр. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды. Жаңа технологияларды енгізу үшін заңнамалық негіз жасалып, Цифрлық кодекс қабылданды. «Жасанды интеллект туралы» заң күшіне енді. Таяу арада Қазақстанның цифрлық даму бағдарын айқындайтын Digital Qazaqstan стратегиясы бекітіледі. Бәріңізге белгілі, биыл – елімізде «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы». Сондықтан алдымызда әлі де көп жұмыс бар. Ширақ қимылдап, тұтас қоғам болып табанды еңбек етуіміз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектінің қарқынды дамуы тәсілдерді үнемі жаңартып отыруды талап ететінін атап өтті.

– Есептеуіш инфрақұрылымын ілгерілету маңызды бағыт болып қала береді. Суперкомпьютер кластерінің іске қосылуы еліміздің технологиялық дербестігін нығайтуда айтулы уақыға болды. Келесі мақсат – елімізде Деректерді өңдеу орталығы алқабын құру. Аталған ауқымды жобаны іске асыру жаңа инвестиция тартуға және өңірлік цифрлық хаб ретіндегі позициямызды күшейтуге мүмкіндік береді. Жаппай цифрландыру және жасанды интеллектіні енгізу елімізді жан-жақты жаңғыртудың негізгі факторларының бірі саналады. Бұл мемлекеттік басқару жүйесінен бастап креативті индустрияға дейінгі салаларды қамтиды. Жазда Астанада «Болашақ ойындары» өтеді. Дәстүрлі ережелер мен киберспортты ұштастыратын жарысқа әлемнің 50 елінен мыңға жуық спортшы қатысады. Жаңа спорт түрі озық технологияларды күнделікті тұрмысқа жедел бейімдеуге, ең бастысы, жастар арасында спортты насихаттауға жол ашады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, күзде Қазақстанда Astana AI Film Festival атты тағы бір маңызды халықаралық байқау ұйымдастырылады.

– Бұл креативті индустрияның дамуындағы іргелі өзгерістерді көрсететін жаһандық деңгейдегі алғашқы іс-шара болмақ. Жасанды интеллект шығармашылық табиғатына түбегейлі бетбұрыс әкеледі, өзін танытудың жаңа формаларын ашады әрі таланттардың алдынан шығатын кедергілерді азайтады. Қазақстан осы жаһандық жаңашылдықтардың бел ортасында болуға ұмтылады. Сонымен қатар жасанды интеллект әсерінен креативті индустрия жойылады, қазіргі күйінде сақталмайды деген пессимистік болжамдарды ескеру керек. Сондықтан барлық үрдісті бақылап, өзгерістерге дер кезінде бейімделу қажет. Фестивальді ұйымдастыру Қазақстанды халықаралық аренадағы инновациялар мен жасампаз бастамалар орталықтарының бірі ретінде көрсету үшін өте маңызды, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру және жасанды интеллектіні жаппай енгізу үдерісі ауқымды өзгерістерге жол ашқанын айтты.

– Біз азаматтардың әлеуетін арттыруға, оларға цифрлық дағдыларды үйретуге баса мән беріп отырмыз. Бүгінде 650 мыңнан астам студент Al Sana бағдарламасымен білім алып жатыр. Алдағы уақытта жасанды интеллект және deeptech-технологиясына қатысты тағы да 100 мың маман даярлауымыз керек. Биыл елімізде жаңа үлгідегі технологиялық білім ордасы – Жасанды интеллект университеті ашылады. Бұл ғылым саласы үшін маңызды оқиға болмақ. Енді алдымызда тұрған өзекті міндет: біз осы салада білікті маман даярлау ісіне ерекше көңіл бөлуіміз керек. Дарынды жастарды тартып, оларға сапалы білім беру қажет. Сондай-ақ келешегі зор технологиялық жобалар мен компанияларға қолдау көрсету айрықша маңызды. Осындай жүйелі жұмыстың нәтижесі де еліміз үшін тиімді болары анық, – деді Мемлекет басшысы.

Екі байқаудың жеңімпаздары марапатталатынын жеткізген Президенттің айтуынша, ұшқыр ой мен терең білім сынға түсетін мұндай додалардың берері мол.

– Мазмұнды әрі тартысты жарыстар арқылы жаңашылдық, ізденімпаздық, жасампаздық құндылықтары кеңінен дәріптеледі. Қоғамда жаңа технологиялық мәдениет қалыптасады. Alem.ai battle сайысына мектеп оқушылары, студенттер, жас ғалымдар және IT саласының мамандары қатысты. Олар өзара тәжірибе алмасып, бір-біріне қолдау көрсетті. Байқау аясында дарынды азаматтарымыз денсаулық сақтау жүйесі, білім беру саласы және жасанды интеллект модельдерін үйрету мәселесіне қатысты инновациялық шешімдер ұсынды. Сондықтан бұл сайысты озық идеялардың бәсекесі десек, қате болмайды. Осындай шаралар сіздерді кәсіби тұрғыдан шыңдайды, елімізде және әлемде сұранысқа ие болатын маңызды жобаларды іске асыруға жол ашады деп сенемін. AI Governance Cup байқауының да мән-маңызы айрықша. Бұл сайыста жасанды интеллектіні мемлекеттік басқару ісіне енгізуге арналған іргелі бастамалар ұсынылды. Соның ішінде медициналық куәландыру жүйесін автоматтандыру, интеллектуалдық прокурорлық қадағалау, педагогтерді қолдау жүйелерін ерекше атап өтуге болады. Мұның бәрі идея немесе пилоттық жоба деңгейінде қалып қоймауы керек. Негізгі мақсат – озық идеялар мен бастамаларды мемлекеттік құрылымдардың қызметіне кезең-кезеңімен енгізіп, жұмыстың тиімділігін арттыру. Осыған баса назар аудару қажет. Осындай беделді байқауларда жүлделі болу – шын мәнінде, үлкен жетістік. Сіздердің жеңістеріңіз – үздіксіз ізденіс пен табанды еңбектің жемісі екені сөзсіз. Бәріңізге шынайы ризашылығымды білдіремін. Мемлекет жаңашыл, жасампаз азаматтарға зор үміт артады, әрдайым қолдау көрсетеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жасанды интеллект саласындағы alem.ai battle ұлттық байқауы мен мемлекеттік органдар арасындағы AI Governance Cup байқауының жеңімпаздарын марапаттады.





№48 (4946) 25/04/2026 Сенбі

КІТАП ЖӘНЕ КІТАПХАНАШЫЛАР САЛТАНАТЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның камера залында Ұлттық кітап және кітапханашылар күніне арналған «Кітап – білім көзі, кітапханашы – оның тірегі» атты мерекелік іс-шара өтті.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Кітап және кітапханашылар салтанаты қоғамда кітаптың маңызын арттыру, кітапханалардың білім тарату мен мәдени мұраны сақтау ісіндегі маңызды рөлін айқындау, сондай-ақ кітапханашы кәсібінің беделін нығайту мақсатында ұйымдастырылды. Іс-шараға Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Зулфухар Ғайыпов, қоғам қайраткері Дархан Мыңбай, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Құралай Айтмұхаметова, «Abai» телеарнасының директоры Азамат Кеңесұлы, елорданың Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдібаева қатысып, ізгі тілектерін жеткізді, кітап оқуға байланысты тағайындалған аталым жеңімпаздарына марапаттарды тапсырды.

Қала әкімінің орынбасары Есет Байкен «Өздеріңізге мәлім, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен 23 сәуір Ұлттық кітап күні болып белгіленді. Бұл, әрине, руханият әлемі, барлық кітапсүйер қауым үшін ерекше мерекеге айналды. Оқуды серік еткен жандардың ұтары көп. Осы ретте Президентіміз де үнемі жастарға кітаппен дос болуды айтып жүреді. Мұның дәлелі – биылғы жаңадан жарыққа шыққалы отырған Конституциямыздың негізінде білім, ғылым, мәдениет, инновация даму стратегиямыздың негізгі бағдары ретінде бекітіліп отыр. Бұл – біздің болашағымызға деген үлкен мүмкіншілік. Ұлттық кітап күні қазір халықаралық деңгейге шығып отыр» дей келе, осы күндері елордада тоғызыншы рет ұйымдастырылған «Astana Eurasian Book Fair-2026» халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесі өтіп жатқанын, оған 15 елден баспагерлер, қаламгерлер, оқырмандар, туристер қатысып жатқанын айтып өтті. Бұл – қазір елордада өтіп жатқан халықаралық іс-шаралардың арасындағы айтулысы. Ал бұл жолғы кездесу қала әкімдігінің қала кітапханалары ұжымымен, оқырмандармен жыл бойғы жұмысының нәтижесі, қорытындысы болып отырғанын, бір жағынан кітапханашылар сияқты рух шырақшыларын құттықтау үшін ұйымдастырылғанын ерекше айтты.

Осыдан 2-3 жыл бұрын елордада 18 кітапхана болса, одан кейін Мемлекет басшысының тапсырмасымен қосымша 7 кітапхана ашылды. Қазіргі 25 кітапхананың барлығы толық жаңғыртудан өтіп, заманауи талаптарға сай жұмыс істеп жатыр. Бүгінде қалалық кітапханалардың тұрақты оқырмандары саны 100 мыңға жетті. Биылғы меже – олардың санын 100 мыңнан асыру. Оған толық мүмкіндік бар, себебі қала тұрғындарының саны да артып келе жатыр. Қалалық кітапханалардың кітап қоры да өсуде. Бүгінде қор 850 мыңнан асты. Сирек кездесетін, құнды кітаптарды да алдырып, оларды цифрландырып, көпшілікке ұсыну жоспарланған. Қала әкімінің орынбасары Есет Байкен осыны атап өтіп, Президенттің бастамасымен қолға алынған «Кітап оқитын ұлт» жобасына тоқталды.

«Мұның барлығы біздің болашағымыздың нық болуы, білімге, ғылымға деген құштарлықтың артуы үшін жасалып отыр» деп сөзін түйіндеген Есет Байкен кітапханашыларды кәсіби мерекемен құттықтады.

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Зулфухар Ғайыпов «Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» деген мақалды еске сала келе, озық ойлы ұлт болу үшін ең алдымен білімге айрықша көңіл бөлу керектігін, сонда ұлы көштен қалмайтынымызды айрықша айтты. Осы істе Астана аймақтарға үлгі болып отырғанын, соның бір үлкен дәлелі Еуразиялық кітап көрме-жәрмеңкесі екенін атады.

Қоғам қайраткері Дархан Мыңбай кітапты сүйіп оқып қана қоймай, оны насихаттау керектігіне тоқталып, кітап оқуға келгенде балаға, ұрпаққа ата-ана үлгі көрсету қажеттігін айтты. Қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсіреповтің «Кітап оқудан қалсақ, ойлаудан да қаламыз», авар ақыны Расул Гамзатовтың «Өзімізді тану үшін кітап керек, өзгені де тану үшін кітап керек» деген сөздерін жаңғыртып, кітапқа құрметтің маңызын жақсы ашты. Бұл тұрғыда әлемдік тарихтағы Александрия, Отырар кітапханаларының алатын орнына тоқталды. Балаларға арналған кітаптарды көбейту керектігін айрықша айтты.

Салтанатта бірқатар аталым бойынша жеңімпаздар анықталды. Атап айтқанда, «Үздік отбасылық оқырман» – №4 көпшілік кітапхананың оқырманы Әділбектер отбасы, «Кітапқұмар студент» – №6 көпшілік кітапхананың оқырманы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті Нұрислам Наметқұл, «Креативті оқырман» – №10 көпшілік кітапхананың оқырманы Данила Қаскелен, «Ең үздік бала оқырман» – жылына 170 кітап оқыған №4 балалар кітапханасының оқырманы Дамирхан Шубаев, «Жылдың үздік оқырманы» – М.Әуезов атындағы Орталық қалалық кітапханасының үздік оқырманы Ғалымбек Шағыров, «Кітапхана жанашыры» – кітапханаларға өз үлесін қосып, мәдени іс-шараларды бірге өткізіп жүрген Айша Мадкенова, Бақытжамал Кәрібаева, Бибіжан Рүстемова марапатталды.

Іс-шара аясында ауқымды кітап көрмесі ұйымдастырылып, көпшілік назарына отандық және әлемдік әдебиеттің жаңа басылымдары мен сирек кітаптар, мерейтойы биылға түсіп тұрған қаламгерлердің шығармалары ұсынылды. Көрмеге қойылған кітаптар саны 300 данадан асты. Мерекелік концерт ұйымдастырылып, «Жошы» этноансамблі, Өзгеріс Шерікбай, отбасылық жұп Әкімхан Мәженов пен Ақбота Құснадин, Құралай Мейрамбек, т. б. әншілер өнер көрсетті.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі дамудың инклюзивті моделін қалыптастыру бойынша жүйелі жұмысты жалғастырып келеді. Бұл ретте әйелдердің экономикалық мүмкіндігін кеңейту негізгі басым бағыттардың бірі ретінде айқындалған.

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТЫ

Аталған бастамалардың жүзеге асуы туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Ербол Тұяқбаев 2026 жылғы Өңірлік экологиялық саммит аясында өткен «су – климат – бейбітшілік» өзара байланысы шеңберіндегі әйелдерге инвестиция мәселесіне арналған арнайы сайд-ивентте баяндады. Іс-шара Өңірлік экологиялық саммит аясында ЕХӘҚМ, ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі ұлттық комиссия, сондай-ақ «БҰҰ-әйелдер» құрылымының бірлесіп ұйымдастыруымен өтуде.

Өз сөзінде бірінші вице-министр климаттың өзгеруі, су ресурстары тапшылығы және экожүйелерге түсетін жүктеменің артуы бүгінде экономиканың тұрақтылығына, жұмыспен қамтуға және халықтың өмір сүру сапасына тікелей әсер етіп отырғанын атап өтті. Қазақстан бұл сын-қатерлерді жаңа, орнықты, инклюзивті әрі адамға бағдарланған даму моделін қалыптастырудың негізі ретінде қарастырады. Осы тұрғыда елдің климаттық және ресурстық саясатына гендерлік тәсілдерді енгізу басым бағыттардың бірі болып отыр. Ербол Тұяқбаев Қазақстанда мемлекеттік саясат деңгейінде ерлер мен әйелдер үшін тең құқық пен мүмкіндікті қамтамасыз етудің тұтас жүйесі қалыптасқанын атап өтті.

– Ұлттық еңбек заңнамасында кемсітусіз еңбекке тең ақы төлеу қағидаты бекітілген, сондай-ақ бірдей мамандық бойынша еңбек ететін немесе бірдей лауазым атқаратын жұмыскерлер үшін еңбекақы мөлшерінің теңдігі қарастырылған. Елімізде әйелдер экономиканың барлық негізгі саласына, соның ішінде өнеркәсіп, көлік және құрылыс секторына еркін қатыса алады. Әділ еңбек жағдайын қамтамасыз етуге деген ұстанымымыз Қазақстанның Халықаралық еңбек ұйымының Әлеуметтік әділеттілік жөніндегі жаһандық коалициясына қосылуымен расталды. Сонымен қатар ұлттық деңгейде «Еңбек саласындағы зорлық-зомбылық пен қысым көрсетуді жою туралы» ХЕҰ конвенциясын ратификациялау мәселесі қаралуда, – деді бірінші вице-министр.

Іскерлік ортадағы әйелдердің көшбасшылық әлеуетін дамыту мәселесіне де ерекше тоқтала келе, спикер Үкімет әйелдердің бизнес-бастамаларын қолдауға және жеке капиталдың дамуына қолайлы жағдай жасауға айрықша мән беріп отырғанын, бұл өз кезегінде қазақстандық әйелдердің жеке дамуына ғана емес, тұтастай алғанда, қоғамның экономикадағы тұрақтылығын нығайтуға ықпал ететінін жеткізді.

– Біз әйелдердің экономикалық мүмкіндігін кеңейту және олардың ресурстарды басқаруға қатысуын арттыру бағытындағы шараларды жүйелі түрде жетілдіріп келеміз. 2025 жылдың қорытындысы бойынша қабылданған кешенді шаралардың нәтижесінде шағын және орта бизнес субъектілері басшыларының қатарындағы әйелдердің үлесі 48%-дан асты, ал елдегі кәсіпкерлердің жалпы құрылымында бұл көрсеткіш 54%-ға жетті. Бұл деректер әйелдердің жұмыспен қамтылуы мен экономикалық белсенділігі еліміздің тұрақты дамуының маңызды тірегіне айналғанын айқын көрсетеді, – деді Ербол Тұяқбаев.

Баяндамада халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру нәтижелері де кеңінен қамтылды. Министрлік республика өңірлерінің барлығында әйелдерді кәсіби оқыту, білігін арттыру және өзін-өзі жұмыспен қамтуға ынталандыру бағытында ауқымды жұмыс жүргізіп келеді. Бұл өз кезегінде кадр тапшылығын азайтып, жаңа технология салаларының дамуына серпін береді.

– Бүгінде Қазақстан экономикасында 4,5 млн әйел еңбек етеді. 2025 жылы жұмыспен қамту шаралары аясында шамамен 475 мың әйел жұмысқа орналасты. Сонымен қатар 30 мыңнан астам қазақстандық әйел кәсіпкерлік негіздері бойынша бейіндік оқытудан өтіп, олардың бір бөлігі өз ісін бастау үшін мемлекеттік гранттарға ие болды. Бұл әйелдердің жұмыспен қамтылуы әлеуметтік тұрақтылық пен қоғамның ұзақ мерзімді дамуының маңызды факторы екенін тағы бір мәрте дәлелдейді, – деді бірінші вице-министр.

Сөз соңында Ербол Тұяқбаев әйелдерге инвестиция салу жекелеген әлеуметтік топты қолдау ғана емес, тұтас қоғамның тұрақтылығына, әділ еңбек нарығын қалыптастыруға және өңірдегі ресурстарды тиімді басқаруға бағытталған инвестиция екенін атап өтті.

ЕСКІ КИІМ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚҚА КЕТЕДІ

Бас қалада 6 жылдан бері пайдаланылған киім-кешекті қоқысқа тастамай, қайырымдылыққа сұрыптап жіберетін Likekomek әлеуметтік жобасы жүзеге асып келеді. Оның негізін қалаушы әрі иесі Әсемгүл Керейбаева мұны басында хобби ретінде бастаған, алайда қайырымдылық ісі бара-бара сұранысқа ие болып, бүгінде кәсіпке айналып отыр.

Райхан РАХМЕТОВА

Жоба арқылы Астана қаласы тұрғындарынан киілген киім-кешек әртүрлі нысанда қойылған 170 арнайы қабылдау жәшігінде жиналады. Күн сайын ол киімдер газельдермен 2 Likekomek дүкені қоймасына жеткізіледі. Онда әрбір киім жарамды немесе жарамсыз деп сұрыпталады. Оның ішінде киюге жарамдысы Астанадағы қайырымдылық қорларына, қайырымдылық дүкендеріне, Солтүстік Қазақстан облысы бойынша елді мекендерге көмек ретінде жіберіледі. Күніне 30-дан астам қызметкерден тұратын команда 3 тонна, айына шамамен 20 газель киімді сұрыптап, жөнелтеді. Киім, аяқ киім, ойыншықтарды қосқанда, жоба басталғалы 1 млн 300 мың келі текстиль жиналған. Қайырымдылық дүкендерінде әр киім бағасы 100 теңгеден басталып, 5000 теңгеге дейінгі аралықта қойылады.

– Мысалы, қымбат тондарды 5 мың теңгеге алуға болады. Шалбар, көйлектер 100 теңгеден басталады. Сонымен қатар жануарлар баспанасына да пайдаланылған төсек орындарды жібереміз. Ашылғанымызға 6 жыл болса да, жоба туралы білмейтіндер көп. Басында хобби ретінде басталды. Өзімнен, балаларымнан қалған киімдерді елордамыздағы қайырымдылық қорға апарайын деп барғанмын. Сонда бұл қызметтің аса дамымай тұрғанын көріп, бұл маған қатты әсер етіп, жолдасыма осы істі бастағым келетінін айттым. Екеуміз де көпбалалы отбасынан шыққанбыз. Бізге де кезінде көмектескендер көп болды. Сондықтан ол да мені қолдап, ісімізді бастадық. Алайда жолдасым «Басында жалдап тұрармыз, артынан халық оған үйреніп, біз шамамыз келмей, тоқтап қалса қиын болады ғой» деп, ақыры бағасын бәріне де қолжетімді 100-5000 теңге көлемінде етіп қойдық, ал аса мұқтаж жандар болса тегін алады. Осылайша бұл істің ауқымы артып, сұраныс көбейіп, әрі қарай не болады деген сұрақ туындады. Бұрынғы қайырымдылық сипатына енді экология мәселесі де қосылды. Сондықтан UpCycle жобасымен ескі джинсы киімді әрі қарай өңдеп, жаңа түр беруге назар аудара бастадық. Artmasterr.kz деген брендпен коллаборация бар, олар ескі джинсыларды өңдеп, этностильде шапан, жилетка етіп тігеді, солармен бірге жұмыс істейміз, – дейді Ә.Сапарбекқызы.



№48 (4946) 25/04/2026 Сенбі

САРАЙШЫҚТЫҢ САН ҚЫРЛЫ ТІРШІЛІГІ

Мегаполисіміздің ең жаңа ауданы – Сарайшықтың құрылғанына биыл 2 жыл толады. Астана қаласы мәслихатына осы ауданның №4 сайлау округінен депутат болып сайланған Мәдина Берікболқызынан жас ауданның бүгінгі тыныс-тіршілігі мен өзекті мәселелері қалай шешімін тауып жатқанын сұрап білдік.



Райхан РАХМЕТОВА

Депутаттың айтуынша, аталған округке Р.Қошқарбаев даңғылынан бастап «Гранд Астана», «Higvill» тұрғын үй кешендері, Бейбітшілік және келісім сарайы, Қалleки театры, «Әзірет Сұлтан» мешітін қоса алғанда, Binom мектебіне дейінгі аралық жатады. Округтегі тұрғындарды жиі мазалайтын мәселенің бірі – құрылыс қарқынды жүріп жатқан жаңа ауданда мердігер мекемелердің үйді өз уақытында тапсырмауы. Көбіне олар үйдің құжатын беріп болмайды, инженерлік желілерін коммуналдық мекемелер балансына өткізбей, созып алады.

Мәслихаттағы басқа да депутат әріптестерімен бірге Сарайшық ауданы әкімдігіне барып, көшпелі отырыс өткенде де көпті толғандырған өзекті мәселелер талқыға түседі. Сондай жиындарда тұрғындарды алаңдатқан негізгі мәселелер – жолдарды жөндеу және салу, инженерлік инфрақұрылымды жаңарту, аулаларды абаттандыру және көгалдандыру, көшелерді жарықтандыру және бейнебақылау камераларын орнату, апатты және ескі үйлерді ысыру.

– Жеке қабылдауға келетін тұрғындар «Халық қатысатын бюджет» жобасына өте алмай жүргенін айтып, бірқатар мәселені көтереді. Тұрғындарды ауланы абаттандыру, көліктердің ретсіз қойылуы, қыс мезгілінде қардың уақытылы тазаланбауы алаңдатады. Осы мәселелерді қағаз жүзінде емес, нақты шешу үшін жауапты мамандармен бірге барып қараймыз. Тұрғындардың жайлы өмір сүруіне жағдай жасау – біздің басты міндетіміз. Осы бағыттағы жұмысты жүйелі түрде жалғастырамыз. Ең бастысы, ештеңе назардан тыс қалмайды, – дейді М.Әжікенова.

Жаңа аудан болғандықтан, тұрғындар паркингтің коммерция мақсатында пайдаланылуын, инженерлік желілердің жылдар бойы балансқа берілмеуін, абаттандыру жайын жиі көтереді. Белсенді тұрғындардың көтерген мәселелері үй жанындағы дүкендердің жұмысына, көршілес жердегі құрылысқа да қатысты. Көше иттерінің қауіпсіздігі, құрылысқа қатысты сұрақтар және жақын маңдағы алкоголь сататын дүкендер жайы да көтеріледі. Әр бағытқа жауапты әкімдік мамандары түсініктеме беріп, алдағы шешу жолдары бойынша ақпарат береді.

– Қала мен аудан әкімдігімен бірлесе отырып, оң шешімін тауып жатқан мәселелер де жетерлік. Атап айтқанда, аудандағы Ұлы дала даңғылы мен Ш.Қалдаяқов көшесі қиылысында бағдаршам орнатуға септік еттік. Тағы бір өзекті мәселе – «Жол картасын» жүзеге асыру аясында Тәуелсіздік көпірін жоспардағы мерзімнен ертерек пайдалануға беруге ықпалымызды тигіздік. Бұл осы маңдағы көлік кептелісін шешуге едәуір ықпал етті. Сондай-ақ менің округімде 4 мектептің, яғни №72, 73, 83, 86 мектептер жанына 600 орындық қосымша ғимарат салдыруға өз үлесімді қостым. Себебі аталған мектептер қазіргі жүктемеден аз оқушыны қабылдауға шақталып жобаланған, ал балалар санының артуы қосымша құрылысты қажет етуде. №74 мектеп-гимназия бойынша да 600 орындық қосымша құрылыстың жоба жұмысына қаражат бөлінді. Соңғы жылдары осы округте №102, 113 «Келешек мектептері» іске қосылды, тұрғындарды жылы аялдамалар салу мәселесі де толғандырып, ол да шешімін табуда. «Отан» тұрғын үй кешенінің кәріз суына қатысты мәселе әкімдікпен бірге шешімін тапты. №113 мектептің қасынан өтетін LRT астын жарықтандыру мәселесі шешілді. Біздің басты мақсатымыз – тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру, қала халқы үшін қолайлы жағдай жасау. Жүйелі шешімді қажет ететін мәселелер депутаттардың 24/7 бақылауында. Осы бағыттағы жұмысымыз үздіксіз жалғаса береді, – дейді депутат.

Тұрғындар тілегі және қала әкімінің қолдауымен «Bravo Family» тұрғын үй кешенінің маңында көптен күткен жаңа сквер пайдалануға берілді. Осы ретте депутат сквердің қысқа мерзімде дайын болуын Сарайшық ауданы әкімдігінің үйлесімді жұмысының нәтижесі деп бағалады. Мұнда балалар мен жастарға арналған спорт және ойын алаңдары, тренажерлер, демалуға арналған орындар мен жасыл аймақтар бар. Ең қуаныштысы, аумақты көркейту мақсатында 400-ге жуық жасыл желек отырғызылды. Бұл – тұрғындардың жайлылығы мен салауатты өмір салтына бағытталған нақты қадам.





ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР – ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНДА

Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерсін Өтебаевтың төрағалығымен өткен жиында Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының өзекті мәселесі, яғни автобус маршруттарының тарифі қаралды. Жиынға қатысқан елордалық мәслихат депутаттары мемлекеттік №1 автобус паркі жұмысының тиімділігін арттыру мәселесін көтерді.

– Барлық процесті цифрландыру күн тәртібінде айрықша орын алады. Басты проблеманың бірі – жолаушылардың көбінің жол ақысын төлемеуі. Әр мәселе бойынша нақты шаралар белгіленді, – дейді Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы, мәслихат депутаты Кендебай Адамбек.

Депутаттар Тексеру комиссиясының ұжымымен жұмыс кездесуін өткізді. Аталған комиссия тарапынан квазисектордың аудитіне ерекше көңіл бөлу жағы назарға алынды. Сондай-ақ Астана іргесіндегі Жібек жолы ауылында орналасқан Jardin декоративті ағаштардың тәлімбағына барған депутаттар оның бүгінгі жұмысымен танысты. Мұнда әртүрлі ағаштар, бұталар және көпжылдық гүлдер өседі.

– Астана қаласы әкімдігі биыл мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жаңа тәлімбақ ашпақ. Бізге елорда мен оның маңайында орналасқан осындай мекемелердің тәжірибесі жаңа жобада өте қажет. Қаланы жасыл желекпен қамту және оларды дұрыс күтіп-баптау маңызды. Жасыл желек – қаланың тазалығы мен әдемілігінің негізі. Сондықтан осы бағыттағы жұмыс жалғаса береді, – дейді депутат.



ЖОЛ КАРТАСЫН ОРЫНДАУ ЖАЙЫ ҚАРАЛДЫ

Amanat партиясының Астана қаласы мәслихатындағы депутаттық фракцияның II отырысы аясында партияның сайлауалды бағдарламасының Жол картасын орындау мәселелері қаралды. Талқылау барысында қалалық мәслихат депутаты Бауыржан Смайылов Жол картасының 58-тармағын іске асыру мәселесін көтерді.

«Аталған тармақ Көктал-1 тұрғын алабында автомобиль жолдарын, сондай-ақ кәріз және су жүйелерін салуды көздейді. Қазіргі таңда Коммуналдық шаруашылық басқармасы жоба-смета құжаттамасы әзірленіп жатқанына сілтеме жасап отыр. Алайда іс жүзінде соңғы 3 жылда жобаны шынымен жүзеге асыру әрекеті басталған жоқ, бұл тұрғындардың орынды наразылығын туғызып отыр. Тұрғындар әр кездесуде осы мәселені көтеріп, шешімін күтіп жүр» деген депутат алдымызда электоралдық науқан келе жатқанын ескере отырып, фракция мүшелері мен басшылықтың назарын осы тармақтың орындалуын бақылауға алу қажеттігіне аударды.



– Қазір барлық күш-жігерді жинап, ортаға біріктіріп, қозғалыссыз тұрған бұл мәселені қолға алу керек деп есептеймін. Себебі инфрақұрылым жобаларының кешігіп не кейінге ысырылуы қала тұрғындарының өмір сүру сапасына тікелей әсер етеді, – дейді депутат.

Елордада өтіп жатқан «Astana Eurasian Book Fair-2026» IX халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесінде түрлі бағыттағы жаңа кітаптар оқырмандарға таныстырылып жатыр. Соның ішінде көркем әдебиеттің алып отырған үлесі аз емес. Сондай туындылардың бірі – былтыр «Фолиант» баспасынан жарық көрген белгілі жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қуаныш Жиенбайдың «Күн түспейтін терезе» атты кітабы.

ОҚЫРМАНДАР ОЛЖАСЫ



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Қаламгердің бұл кітабына енген әңгімелерінің біразы Арал теңізі тақырыбына арналған. Жазушы жағалаудағы жерлестерінің сан қилы тағдырын, олардың қайсар мінезін және арпалысқа толы сезімдерін аса дәлдікпен суреттелген. Автор шағын әңгімелері арқылы-ақ адам психологиясын ашуға толықтай мүмкіндік барын дәлелдеп, ешкімге ұқсамайтын өз қолтаңбасын анық аңғартады. Кезінде мерзімді басылымдарда жарияланып, оқырман қауымнан жоғары бағасын алған «Қашқын», «Өгей», «Елден жолданған жеделхат», «Ұры», «Күн түспейтін терезе», «Әкім кетіп қалды» секілді әңгімелеріндегі тың ой, тосын шешімдер ешкімді де бейжай қалдырмайды.

«Елордада өткен экологиялық саммитте Орта Азия мемлекеттерінің басшыларымен және әлемдік экологияның жанашырларымен Арал проблемасы айтылды. Аралдың проблемасы үлкен халықаралық, әлемдік деңгейдегі проблема болып отыр. Мен сол Аралдың жағасында өскен адаммын, сондықтан Аралдың проблемасының халықаралық дәрежеге көтерілгені – мен үшін қуаныш. Теңіз деген бір адамға үлкен ғажап әлем сыйлайтын ғажайып дүние ғой. Демек, теңіз – адамды тебіреніске бөлейтін, шығарма жазуға итермелейтін сондай бір ғажайып құбылыс. Сондықтан мен сол теңіз жағалауында туған адамдарды қадірлеймін және өзімді теңіз жағалауында туғаным үшін осы бақытты адамдардың бірі деп есептеймін» деді Қуаныш Жиенбай осы жиында.

Сондай-ақ көрме-жәрмеңкеде ақын, аудармашы, филология ғылымдарының кандидаты Маржан Ершудың «Жалғыз қол» кітабы мен осы туындының түрік тіліндегі аудармасы таныстырылды.

Бұл поэма Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, Курск шайқасында бір қолынан айырылғанымен, елге оралған соң ауыл шаруашылығын өркендетуге бар ғұмырын арнаған соғыс және еңбек ардагері Тұрдығали Мәмбетовтің тағдырын арқау етеді.

Кеше көрме-жәрмеңке алаңында белгілі жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әлібек Асқаровтың 75 жас мерейтойына арналған «Сырлы әлемнің сыршыл суреткері» атты халықаралық дөңгелек үстел отырысы ұйымдастырылды. Көрме-жәрмеңке жексенбіге дейін жалғасады. Соңғы күні, яғни 26 сәуірде көрнекті қаламгер, әдебиеттанушы, Мемлекеттік сыйлық лауреаты Сауытбек Абдрахмановтың «Алып Абай. Конгениальность. Congeniality» атты кітабының халықаралық таныстырылымы өтеді.

«ҰЛТТЫҚ КІТАП» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Астанадағы Президенттік орталықта ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен «Ұлттық кітап» республикалық байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Іс-шара Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бастамасымен бекітілген Ұлттық кітап күні аясында ұйымдастырылды.

Салтанатты жиынды Президенттің ішкі саясат және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі Арман Қырықбаев ашып, Мемлекет басшысының кітап оқу мәдениетін дамытуға ерекше көңіл бөлетінін атап өтті. Оның айтуынша, 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында ұсынылған «Кітап оқитын ұлт» тұжырымдамасы аясында 23 сәуір Ұлттық кітап күні болып белгіленген. Сондай-ақ алдағы уақытта кітап оқу мәдениетін ілгерілетуге бағытталған арнайы Жарлыққа қол қойылатыны айтылды.

Іс-шараға Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, сондай-ақ Парламент депутаттары, зиялы қауым өкілдері, ақын-жазушылар мен кітапхана және баспа саласының мамандары қатысты.

Ұйымдастырушылардың мәліметінше, биылғы байқауға 32 баспадан 155 өтінім келіп түскен. Қатысушылар соңғы екі жылда жарық көрген отандық авторлардың еңбектерін ұсынды. Жеңімпаздар тоғыз номинация бойынша анықталды. Атап айтқанда, балалар әдебиеті, комикс, нон-фикшн, детектив, сатира, иллюстрациялық кітап, аударма, фантастика және «Үздік баспа» аталымдары қамтылды.

«Жыл кітабы» номинациясы бойынша бас жүлде Гүлмира Амандықова авторлығымен Абай Құнанбайұлының қара сөздері негізінде жазылған «Ұрпаққа өсиет» еңбегіне берілді. Жеңімпаздарға ақшалай сыйлықтар табысталды.



«Ұлттық кітап» байқауы отандық қаламгерлер мен баспагерлердің еңбегін дәріптейтін маңызды алаңға айналып, қазақ әдебиетіне деген қызығушылықты арттыруға ықпал етіп келеді.



КІТАПТАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Астанадағы Президенттік орталықта «Ұлттық кітап күні және кітапханшылар күніне» орай, «Тәуелсіздік. Тарих. Тұлға» жобасы аясында жарық көрген ғылыми-танымдық кітаптардың таныстырылымы өтті.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

«Astana Eurasian Book Fair – 2026» IX Халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесі аясында, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Тарихшылардың ұлттық конгресі және Абай академиясы бірлесіп ұйымдастырған бұл іс-шарада көпшілік назарына «Тәуелсіздік бәрінен қымбат», «Адамзаттың Абайы», «Абай ғибраты», «Ұлт тарихындағы тұлғалар», «Евразийская тенденция. Интеллектуальные контексты второй половины XIX – первой трети XX века: славянский, тюркский, сибирский» атты еңбектер ұсынылды.

Салтанатты жиында Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, университет ректоры Ерлан Сыдықов сөз сөйлеп, кітап күнінің және кітап оқу мәдениетін қалыптастырудың маңызына тоқталды.

Бағдарлама аясында ғылыми жинақтардың авторлары өз еңбектеріне мазмұндық шолу жасап, зерттеу нәтижелерімен бөлісті. Атап айтқанда, Дүйсен Сейітқали Жахияұлы бірқатар еңбектерге талдау жасаса, Жандос Әубәкір Абайға арналған жинақтарды таныстырды. Ал С.В.Селиверстов өз монографиясы туралы қысқаша шолу жасады.

ТАЛДАУ МЕН ТАЛҒАМ

Ұлттық кітап күні елордадағы №115 мектепте «Астана ақшамы» газетінің шеф-редакторы, Қазақстан Республикасы Президентінің БАҚ саласындағы сыйлығының лауреаты Төлен Тілеубаймен кездесу өтті. «Шабыт шамы сөнбесін» тақырыбында өткен кездесуде оқушылар өнер көрсетіп, мектеп мұғалімдері «Түлкілітаудың аспаны» атты кітабына талдау жасады.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Талданған туынды – қазақ прозасының автобиографиялық повесть жанрына жататын шығарма. Мұнда баяндаушы – кейіпкер де, яғни Әмірдің балалық шағы мен өсу жолы бірінші жақтан емес, бірақ авторлық санаға жақын үшінші жақтан баяндалады. Шығарманың тақырыптық-идеялық желісі, образдар жүйесі, тіл байлығы – барлығы бірге алғанда бұл туындыны қазақ балалар прозасының жарқын үлгісі ретінде бағалауға толық негіз береді.

– Туындының кезеңі – Кеңес дәуірінің соңғы жылдары немесе тәуелсіздік алудың қарсаңы. Бұл уақытты мекеме атауларынан («Социалистік Қазақстан» газеті, «Қазақстан коммунисі» журналы), кейіпкерлердің тұрмыс-тіршілігінен айқын аңғаруға болады. Оқиғалар орны – Сарыарқа өңіріндегі шағын ауыл; табиғат суреттері (Нұра, Тоқырауын өзендері, Түлкілі тауы, Қызылбиік) нақты географиялық кеңістікте орналасқан. Шығарма повесть жанрының классикалық белгілерін сақтайды: сюжеттің бір кейіпкер – Әмір төңірегінде шоғырлануы; уақыттың бірнеше жылды (бастауыш сынып кезеңін) қамтуы; тараулардың салыстырмалы дербестігі, бірақ идеялық тұтастығы. Тараулардың «Жаңа ауыл», «Өзендегі оқиға», «Газет-журналдардың иісі», «Тоқылдақ», «Бүлдірген тере барғанда», «Көмейдің құпиясы» деп аталуы – повестің хроникалық-тізбекті сипатын айқындайды, – дейді кітапқа талдау жасаған қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі Айгүл Игісінова.

Кездесу барысында жас ұстаздар да ұстамды ойларын ортаға салды. Айтуларынша, «Түлкілітаудың аспаны» кітабы олардың жүрегінен орын алған. Әсіресе шығарманың басты тақырыбы – баланың рухани өсуі мен дүниені танып-білуі, басты кейіпкер Әмірдің іштей жаңаруының,



сыртқы дүниемен алғашқы терең танысуының бастауы қызықтырған.

– Туындының басты идеясы – адал еңбек, білімге деген ынта және табиғатпен үйлесімді өмір арқылы жеке тұлғаның қалыптасуы. Бұл идея Бақыт мұғалімнің аузынан айтылады: «Кім білімді болса, сол өмірдегі барлық арман, мұратына жетеді. Сонымен бірге «Адал еңбектің қандай болатынын көзімен көріп, жүрегімен сезінді» деген авторлық ремарка бас идеяны тікелей тұжырымдайды. Туынды «қателік жасап, оны мойындай білу де ерлік» деген тәрбиелік пафоспен де сусындаған Тоқылдақ және Темекі эпизодтары осыны нақты дәлелдейді, – дейді қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі Қаракөз Төлеген.

Түлкілітаудың аспаны астында бала Әмірдің, әке Сұрағанның бейнелері бүгінгі қоғамның нақ көрінісін айқын көрсетеді. Қалай болған күнде де өз оқырманын тапқан Төлен Тілеубайдың шығармасы оқырман ойынан шыға білген.

№48 (4946) 25/04/2026 Сенбі





Білім беру жүйесін реформалау мен ұлттық білім беру моделін қалыптастыру жұмысына айтарлықтай өзгерістер енгізілді: жаңа үлгідегі мектептер, ұлттық мазмұнды оқу бағдарламалары жасалып, қолданысқа енгізіле бастады.

Мерейлі өнер ордасы

Қазақстанда 1960-1986 жылдар аралығындағы игеру солақай саясатының нәтижесінде жабылған 500 қазақ мектебінің орнын толтыруға әрекет жасалып, елді мекендерде қазақ мектептерін ашу жұмысы жүргізіліп жатыр.

Осы бағдар бойынша 1991 жылы Целиноград қаласында қазақ тілінде дәріс беретін балалар музыка мектебі ашылған еді. Орыс тілінде жұмыс істейтін үш музыка мектебіне қазақ тілінде дәріс жүргізетін №4 балалар музыка мектебі қосылды. Ол уақытта бұл таңғаларлық жаңалық болған еді. Жергілікті халықтың еңсесі көтеріліп, келешекке үлкен үмітпен қарай бастады. Жаңа өнер ордасы еліміздің солтүстік өңірінде қазақ тілінде жұмыс істейтін тұңғыш және жалғыз музыка мектебі болды. Уақыт өте келе бүкіл қазақ еліне білім мен өнердің нұрын шашқан ағартушы оқу орнына айналды. Мектептің ашылу мәселесінде азаматтық танытып, ұйымдастыру кезеңінде оқу-өндірістік базасын қалыптастыруға айтарлықтай үлесін қосқан қалалық атқару комитетінің сол жылдағы төрағасы Аманжол Бөлекбаев пен Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия директоры Жанна Байсейітованың есімін айта кетуді жөн көрдік.

Жаңадан ашылған балалар музыка мектебінің қалыптасу кезеңі өте ауыр болды: оқулық базасы жоқ, тіпті сабақ өткізетін жекеменшік ғимараты болмады. Ұстаздар сабақтарын көшіп-қонып жүріп әр мектептің бос бөлмелерінде өткізетін. Қазақ тілінде сабақ жүргізетін мамандар да жоқтың қасы, қазақша оқулықтар мен бағдарламалар да жоқ. Міне, осындай ең қиын бастапқы кезеңде 1992 жылы мектеп басшылығына Сәулеш Төлегенқызы Қанапиева тағайындалды. «Адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді» деп ұлы Абай айтқандай, жас директор өз ісіне үлкен құлшыныспен кірісті, өйткені тап сол кездегі мотивация күшті еді және көпшіліктің жаңа мектеп туралы дүдәмал ойы да жігерін қайрағандай күй кешті. Бұған қоса, мектеп ұжымы ұлтжанды ұстаздардан құрылған еді. Қазақ балалар музыка мектебінің бастауында ұлттық өнердің шынайы жанашырлары тұрды. Уақыт өте мектептің озат мұғалімдерінің еңбегі еленіп, Үкімет тарапынан лайықты марапатталды. Бұл ұстаздардың аттары мектеп тарихына алтын әріппен жазылуы тиіс. Олар Қазақстанның оқу саласының және мәдениет саласының үздігі, «Құрмет белгісі» орденінің, Ы.Алтынсарин атындағы медалінің иегері, мектептің бірінші директоры Оспан Сүлейменов; мектептің тұрақтануы мен өрлеуіне 30 жылдай еңбек сіңірген басшысы, Қазақстан Республикасы Мәдениет саласының үздігі, «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісінің, «Қазақстан даңқы» және «Сала көшбасшысы» ордендерінің иегері Сәулеш Қанапиева; әр жылдары мектепте дәріс жүргізген тәжірибелі ұстаздар Э.Омарова, Б.Омаров, К.Оралбаева, А.Жұмашев, Ү.Мырзақұлова, З.Бексейітова, Ә.Саркенова, З.Сейітова, Е.Слетдинов, С.Секимова, Г.Сарина, Г.Омарова, М.Османова, Ж.Қыдырменова, Ж.Жанайдарова, Г.Майкибаева, М.Сүлейменова, Ғ.Асадуллина, А.Абдрахманова, Ж.Исинтаева, Р.Жансүйгенова, Л.Топоркова, Ж.Оралбаева, М.Қожахметова, Р.Исаева, Б.Секербек, Т.Шерьязданов. Осы қатарда мектептің әкімшілік-шаруашылық бөлімінің ұжым мүшелері Дәметкен Мұхаметкәрімова, Аманкелді Бегимов, Серік Дәнекеров, Қарлығаш Бекишеваның ұзақ жылғы адал еңбегін атап өту керек.

Қазақ балалар музыка мектебінің толыққанды оқу орнына айналуына аянбай атсалысқан Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мәдениет саласының үздігі, домбырашы, дирижер, композитор Мұхаметқали Хасенұлы Тінәлин педагогикалық ұжымды қалыптастыруға көп көмек көрсетті, жаны жайсаң, кеңпейілді, дарынды өнер иесі, ұлтжанды азамат еді. Білікті ұстаздарды іздестіріп, мектепке шақырды, оқу-әдістемелік құралдар мен бағдарламалар құрастыруға да белсенділік танытып, барымен бөлісті, кәсіби музыкант – маман ретінде де кеңесін аямады. Музыка өндеуші ретінде мектептің оркестр мен ансамбль ұжымдарына көптеген қазақ күйлері мен әндерін өңдеп жазды. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген халық даналығы осы кісіге арналып айтқандай әсер қалдырады.

Қазақ балалар музыка мектебінің тұрақтануына кәсіби көмек көрсеткен Қазақ ұлттық музыка академиясының (қазіргі К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті) профессорлар-оқытушылар құрамын да атап өтуді жөн көрдік. Бұл ұстаздар – айтулы өнер иелері Орынбай Дүйсен, Айтжан Тоқтағаң, Қайрат Байбосынов, Пернебек Шегебаев, Раушан Мұсақожаева, Қапаш Құлышева, Нұрлан Измаилов, Дина Мәмбетова, Гүлнәр Әлпейісова, Серікжан Әбдінұров, Ербол Сарин, Күнімкүл Борамбаева, Шолпан Қорғанбекова, Айгүл Сағатова, Әбдіқадыр Қашқабаев сынды білікті мамандар. Тағы бір есімі ерекше атауға лайық музыкант – Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, күйші, дирижер, композитор Секен Кәрімұлы Тұрысбеков. Қазақ балалар музыка мектебіне алтын уақытын бөліп келіп, шеберлік сыныптар өткізіп, балалармен сұхбаттасып, ұстаздарға кеңес беріп, жаңашырлық танытқан музыканттардың бірі осы Секен Тұрысбеков болды.

Биыл Астана қаласының №1 балалар музыка мектебі өзінің 35 жылдық торқалы тойын атап өтуде. Педагогикалық ұжым еңбегінің нәтижесін саралап, келешегін жоспарлауда, жаңа серпінмен, тың идеялармен жұмысын жалғастыруда. Ашылғаннан бері мектеп ұжымы талай байқаулар мен бақылаулардан сүрінбей өтіп, музыка мектептерінің арасында көшбасшы атанды. Мектептің табыс баспалдақтарына шолу жасасақ, 2006 жылы Женева қаласының «Жоғары сапалы білім үшін» номинациясының алтын медалін иеленген; Астана қалалық білім беру мекемелерінің 2009-2010 оқу жылғы қорытындысы бойынша «Үздік қосымша білім беру мекемесі» атағына ие болды, Астана қаласының әкімі Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетовтің жеке грантын жеңіп алып, сонымен катар Астана қаласының №1 музыка мектебі атанды; 2012 жылы Қазақстан ұлттық ЮНЕСКО клубтарының федерациясы мүшелігіне енді; 2013 жылы Қазақстанның ұлттық бизнес-рейтингтер одағының мәдениет саласында мектеп директоры С.Т.Қанапиева «Сала көшбасшысы» орденімен марапатталды; 2014 жылы ҚР БҒМ ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған қаржыландыру грантын ұтып алды; 2015 жылы Астана қалалық қосымша білім беру жүйесінің «Алтын қоры» кітабына ұжымның бір топ ұстазы енді; 2016 жылы мектептің педагогикалық ұжымы мен жетекшісі Астана қаласы білім беру жүйесінің алтын қорына енгізілді. Бұл оқу орнының 35 жыл аралығында бағындырған биіктері мен кәсіби жетістіктері ауыз толтырып айтарлықтай.



Мектепте ғылыми-зерттеу жұмысы да кеңінен қамтылған. ҚР БҒМ «Ғылыми зерттеуді гранттық қаржыландыру» бағдарламасымен жұмыс істейтін педагогтар С.Т. Қанапиева, Г.Т.Әлпейісова, Ж.Ә.Файзулина «Балалар музыка мектебінің оқушыларын қазақстандық патриотизмге этномәдениет дәстүрінде тәрбиелеу: музыкалық қабілеттің қалыптасу мәселелері» тақырыбында ауқымды ғылыми жоба әзірлеген. Ұстаз Ш.Д.Қорғанбекова «Домбырашылар ансамбліне арналған күйлер мен шығармалар» жинағын, «Әлқисса – аманат» кітабын, «Елім-ай» оқу құралын дайындады. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ү.Ж.Мырзақұлова «Үздік маман» байқауының жеңімпазы ретінде Сарыарқа ауданы әкімінің грантын иеленді. Скрипка пәнінің оқытушысы З.Д.Сейітова «Қосымша білім беру үздік педагогі» атанып, Сарыарқа ауданы әкімінің құнды сыйлығымен және алғыс хатымен марапатталды.

«Ғылым мен мәдениет барлық дүниенің алтын алқасы болып отыр» деп қазақтың ғұлама ойшылы, атақты жазушысы Мұхтар Әуезов өткен ғасырда айтып кеткен. Қазақ тілінде дәріс жүргізетін №1 балалар музыка мектебі – қазақ тілінің дамуына да өз үлесін қосып жүрген ұжым. Өнердегі әріптестеріміз музыка теориясының оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік құралдарды, жұмыс дәптерлерін мемлекеттік тілде әзірлеп шығарған. Өркениетті, дамыған елдердің қатарына ену үшін мәдениеті жоғары қоғам қалыптастыру қажет екенін толығымен түсінген ұстаздар осы жолда барын салып еңбектенуде.

Мектептің қазіргі директоры Жанар Серікқызы Қалиева – өнер әлемін бір адамдай білетін тәжірибелі жетекші, педагогикалық ұжыммен тіл табысып, түсіністікте жұмыс істей алатын білікті педагог. Мектеп басшылығына шеберлік үлгісімен елімізге танымал болып жүрген ұжымды жаңа жетістіктерге жетелеу жолында қажымас қайрат пен қажырлы жігер тілейміз! Музыка мектебінің ұжымына толағай табыс, шығармашылық шабыт, ал мектептің талантты шәкірттеріне өнер әлемінің биігінен көріну бақытын тілейміз! Ең бастысы, қазақ өнерінің жұлдызы жана берсін!

Гүлнаш БЕРЖАНОВА,
ҚР білім беру саласының құрметті қызметкері

ТҮЛЕКТЕР ТАЛАНТЫ ЖАРҚЫРАДЫ

Тарихқа бай шаңырақ елорданың №2 өнер мектебі оқу жылының соңында мектеп оқушыларының жылдық шығармашылық кешін өткізуді дәстүрге айналдырған. Сол дәстүр биыл жалғасып, әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында мектеп бітіруші түлектердің есеп беру кеші өтті.



Кешке Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының басшысы Гүлнар Әбішева, елорданың Білім басқармасының басшылығы және қосымша білім беру мекемелерінің директорлары, Астана қаласы әкімдігінің Балаларға қосымша білім берудің оқу-әдістемелік орталығы қосымша білім беру бөлімінің және «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы басшылығы, ата-аналар мен оқушылар шақырылып, кеш куәсі болды.

Сахна төрінде мың бұралған бишілер, құйқылжыта ән салған әншілер, жас жыршылар, түрлі аспапты меңгерген өнерпаз оқушылар, киімді көркемдеп үлгілеудің шебер өнерпаздары өздерінің мектеп қабырғасында алған білімдерінің оң нәтижесін көрсете білді. Әсіресе, балапандарымыздан құралған «Еркеназ» бишілер ансамбліне, ұлттық аспап сазсырнайды кеңінен насихаттап жүрген «Қазына» сазсырнай ансамбліне, қылқобыз аспабын меңгерген жас жеткіншектерге көрермен ықыласы ерекше болды. Театр сыныбының оқушылары көлеңкелі театр қойылымы арқылы отансүйгіштікке баулу, тарихты қастерлеу сияқты құндылықтарды сахна төрінен көрерменге сездіре білді.

Әр бала – талант иесі, өнердің жарық жұлдызы болуға әбден лайық. Осы кезекте мектеп мақтанышы «Балдәурен» балалар хорының орындауындағы «Астана» әні, Луи Приманың «Sing, sing, sing» шығармасы, кеш соңында вокал сыныбының педагогтері Шыңғыс Сейітжанұлы, Жанболат Ұзақбай, Өзгербек Әшім, Рүстем Жұмабаев қосыла шырқаған мектептің ұран-әні барша көрермендердің көңілінен шықты, зал ыстық ықыласпен қабылдады.

№2 өнер мектебінің қабырғасында білім нәрімен сусындаған, сан өнерді меңгеріп, болашаққа бағыт алған оқушыларымызға сәттілік, жас өнерпаздарымыздың шамшырағын жаға білген, жүрегінде өнер нәрін себе білген ұстаздар қауымына үлкен жетістіктер мен биік белестерді бағындыратын шығармашылық табыс, қажымас қайрат тілейміз.

Гаухар БАИШЕВА,
№2 өнер мектебі директорының орынбасары



Ербол ЖОЛДАНҒАР,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Астана қаласы бойынша департаменті мемлекеттік мекемесінің басшысы:

2026 ЖЫЛДЫҢ I ТОҚСАНЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС

– Ербол Қабдығалиұлы, 2026 жылдың бірінші тоқсанында мемлекеттік қызмет көрсету саласында қандай негізгі жұмыстар атқарылды?

– Есептік кезеңде бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, 13 бақылау іс-шаралары жүргізілді, оның ішінде 9 тексеру (1 жоспарлы, 8 азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштері негізінде тексеру), 4 сыртқы байқау жүргізілді. Жүргізілген тексерулер мен байқау нәтижесінде 158 бұзушылық анықталып, оның 142-і мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне, ал 16-сы қызмет көрсету мерзімдерінің сақталмауына қатысты болды. Анықталған кемшіліктерді жою мақсатында 4 нұсқама енгізіліп, 11 ұсыным беріліп, толық орындалды.

Сондай-ақ қоғам белсенділермен бірге мемлекеттік орган мен ұйымдарда мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманы сақтау бойынша, оның ішінде мобильділігі төмен азаматтарға қолайлы жағдай жасау мақсатында 6 қоғамдық мониторинг жүргізіліп, анықталған ескертулер бойынша тиісті шаралар қабылданды.

Бұл өз кезегінде қызмет сапасын тұрақты бақылаудың маңыздылығын көрсетеді және бақылау бағытында мемлекеттік органдармен үйлестіру жұмыстары жүргізіліп, тексерулердің қайталануына жол бермеу шаралары қолға алынады.

– Азаматтардың өтініштерімен жұмыс қалай ұйымдастырылды?

– Бірінші тоқсанда 100 астам өтініш келіп түсті. Олардың басым бөлігі қаралып, тиісті шаралар қабылданды. Нәтижесінде бірқатар азаматтардың құқықтары қалпына келтірілді. Сонымен қатар, заманауи кері байланыс арналары да тиімді қолданылуда. Мысалы, «Telegram Bot» арқылы келіп түскен 5 өтініш бойынша мәселелер шешіліп, 3 азаматтың дер кезінде мәселесі шешіліп, құқықтары қалпына келтірілді.

– Заң талаптарын бұзғандарға қатысты қандай шаралар қабылданды?

– Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, яғни рұқсат құжаттарын беру мерзімдерін бұзу фактілері бойынша 3 лауазымды тұлғаларға қатысты әкімшілік хаттама толтырылып, 100 мыңнан аса айыппұл салынды. Сонымен қатар, қызметтік тәртіпті сақтау мақсатында қызмет берушілердің 5 қызметкері тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Бұл шаралар мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған.

– Халықпен байланыс және ақпараттық жұмыстар туралы не айтасыз?

– Бұл бағытта да жұмыстар белсенді жүргізілді. «Елге қызмет» телебағдарламасының 4 шығарылымы жарық көрді. Сонымен қатар, 51 басқа да түсіндіру іс-шаралары өткізіліп, азаматтарға мемлекеттік қызметтерді алу тәртібі жан-жақты түсіндірілді. Бұдан бөлек, Ведомствоаралық жұмыс тобының отырысында өзекті мәселелер қаралып, нәтижесінде мемлекеттік органдарға мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша бірқатар ұсыныстар енгізілді.

– Мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін жетілдіру бойынша қандай жұмыстар атқарылды?

– Бизнес-процестерге талдау жүргізу нәтижесінде 6 бастамашылық ұсыныс әзірленді. Олар қызмет көрсету процестерін жетілдіру, автоматтандыру және құқықтық реттеуді жақсарту бағыттарын қамтиды. Жалпы, атқарылған жұмыстардың барлығы мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға және халыққа қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

– Қорытындылай келе не айтасыз?

– Қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру – бұл тек мемлекеттің міндеті ғана емес, азаматтар мен жүйе арасындағы сенімнің негізі. Әрбір азамат сапалы мемлекеттік қызмет алуға құқылы және осы құқықтарының орындалуына қол жеткізе алады. Егер мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқықтарыңыз бұзылған жағдайда Департаментке Сарыарқа даңғылы 13, мекенжайы бойынша жазбаша, не электрондық түрде «электрондық үкімет» порталы немесе «E-Otinish» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы және «EgovKzBot2.0» Telegram бот-платформасы арқылы жүгіне аласыз және Департаменттің әлеуметтік желідегі парақшалары халыққа әрдайым ашық. Кез келген сұраққа жауап беруге дайынбыз.

Нұрболат АДИЛОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Астана қаласы бойынша департаменті Мемлекеттік қызмет саласын бақылау басқармасының басшысы:

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ – БАСТЫ НАЗАРДА

– Нұрболат Тұрболатұлы, Мемлекеттік қызметшілер өз құқықтарының бұзылуы жайлы жиі жүгіне ме?

– Жалпы Департаментке 2025 жылы барлығы 983 өтініш келіп түсті, оның ішінде Мемлекеттік қызмет саласын бақылау бағыты бойынша 664 өтініш түскен, бұл жалпы түскен өтініштердің 67,6% құрайды.

Осы келіп түскен 664 өтініштің 99 өтініші жоспардан тыс тексеру жүргізілу арқылы қаралды.

Аталған өтініштердің азаймауының басты себебі, мемлекеттік қызметшілердің нормативтік құқықтық талаптарының сақталмауы болып табылады.

Негізделген 19 өтініштің барлығы құқықтары қалпына келтірілді.

Ал ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында 88 өтініш келіп түскен, оның ішінде 10 өтініш бойынша жоспардан тыс тексеру жүргізілді, 56 сұрау салу арқылы, 14 шағымға тиісті түсіндірме жауаптар берілді, 8 кері қайтарылып, 4 өтініш бойынша мемлекеттік қызметшілердің құқықтары қалпына келтірілді.

– Мемлекеттік қызметшілердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру қалай жүзеге асырылады?

– Мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғау – уәкілетті орган қызметінің негізгі бағыттарының бірі. Егер қызметші өз құқықтарының бұзылғанын анықтаса, ол жоғары тұрған органға немесе уәкілетті органға шағымдануға құқылы. Қызметтік даулар арнайы комиссияларда немесе сот тәртібімен қаралуы мүмкін. Әрбір өтініш заң талаптарына сәйкес жан-жақты зерттеледі.

Мәселен, 2025 жылы есептік кезең бойынша, Астана қаласындағы жергілікті атқарушы органдар мен орталық мемлекеттік органдардың аумақтық департаменттерінде жалпы саны 19 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қалпына келтірілді.

Ал 2026 жылдың 1 тоқсан қорытындысы бойынша 4 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қалпына келтірілді.

– Мемлекеттік қызметшілердің шағымдары расталған жағдайда қандай шаралар қолданылады?

– Тәжірибеде заңсыз жұмыстан босату, тәртіптік жаза қолдану, мемлекеттік қызметке жарияланған конкурстан заңсыз шеттету немесе қызметтік өсуге кедергі келтіру сияқты жағдайлар кездеседі. Мұндай жағдайларда қызметшінің құқықтары қалпына келтіріліп, кінәлі тұлғаларға қатысты шаралар қабылданады. Бұл мемлекеттік қызметтің әділдігін қамтамасыз етеді.

Негізінен, тәртіптік жаза қолданылады, сонымен қатар Әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар болған жағдайда әкімшілік хаттама толтырылады.

Мысалы, 2025 жылы 4 әкімшілік құқық бұзушылық бойынша хаттама толтырылып, 127 790 теңге өндіріліп алынды, ал ағымдағы жылдың 1 тоқсаны бойынша 3 әкімшілік құқық бұзушылық бойынша хаттама толтырылып, 97 311 теңге өндірілді.

Сондай-ақ департаменттің ұсынуы негізінде мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама талаптарын бұзғаны үшін түрлі тәртіптік жауапкершілікке 13 мемлекеттік қызметші тартылған.

– Астана қаласында жұмыс уақыты режимі қаншалықты сақталады, құқығы бұзылғандар бар ма?

– Департаментпен мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтау бойынша тұрақты түрде мониторинг жүргізіледі.

2025 жылы 42 органда мониторинг жүзеге асырылды. Нәтижесінде 415 бұзушылық анықталып, олар толығымен жойылды.

Мониторинг нәтижесінде құқығы қалпына келтірілген мемлекеттік қызметшілер саны – 415.

Оның ішінде, 1040,5 тынығу сағаттары беріліп, мемлекеттік қызметшілерге жалпы сомасы 1 449 461 теңге өтемақы төленді.

Ағымдағы жылдың 1 тоқсан қорытындысы бойынша 8 мемлекеттік органда мониторинг жүргізіліп, 56 бұзушылық анықталып, 16 тынығу сағаты, 699083 теңге өтемақы төленді, яғни 56 мемлекеттк қызметшінің құқықтары қалпына келтірілді.

Мемлекеттік қызметшілер арасында жұмыс тәртібін сақтау мен жүйені пайдалану мәдениетін көтеру бойынша түсіндіру жұмыстары Департаментпен тұрақты түрде жүргізілуде.

АИТВ-ның АЛДЫН АЛУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Жүктілік – әйел өміріндегі ерекше әрі жауапты кезең. Бұл уақытта денсаулыққа қамқорлық бірінші орынға шығады. Осы кезеңде тек болашақ ананың жағдайын ғана емес, оның серіктесінің рөлін де ескеру маңызды, өйткені АИТВ-инфекциясының алдын алу екі жақтың да қатысуын талап етеді. Ортақ жауапкершілік, хабардарлық және уақытылы әрекеттер әйелдің денсаулығын қорғап, дені сау баланың дүниеге келуіне мүмкіндік береді.

Серіктестің АИТВ профилактикасына қатысуы аса маңызды. Әйел тексеруден өтіп, теріс нәтиже алған жағдайда да, егер серіктестің АИТВ-статусы белгісіз болса немесе ол жақында тексерілмесе, жұқтыру қаупі сақталады. Медицина тәжірибесінде әйелдердің босанғаннан кейін бала емізу кезеңінде АИТВ-ны жұқтыру жағдайы болған. Бұл көбінесе серіктестің тексерілмеуімен немесе қауіп-қатерлі мінез-құлқымен байланысты. Сондықтан екі серіктестің де жауапкершілікті сезініп, алдын алу шараларына қатысуы өте маңызды.

АИТВ адам ағзасына биологиялық сұйықтықтар (қан, шәует, қынап бөліндісі, ана сүті) арқылы, олар қан айналымына немесе шырышты қабаттарға түскен кезде беріледі. Инфекцияның вертикалды (перинаталдық) жолмен берілуі келесі жағдайларда мүмкін: жүктілік кезінде вирус плацента арқылы өтеді; босану кезінде нәресте ананың қаны және қынап бөліндісімен жанасқанда; ана сүтімен емізу кезінде. Осылайша, бала инфекцияны жатырішілік кезеңде де, туғаннан кейін де жұқтыруы мүмкін. Ем жүргізілмеген жағдайда берілу қаупі 40%-ға дейін жетеді, ал алдын алу шаралары қолданылғанда ол <1–2 %-ға дейін төмендейді.

Жекелей алғанда, ана сүтімен емізу кезінде берілу қаупі 24%-ға дейін жетуі мүмкін, әсіресе ананың вирус жүктемесі жоғары болғанда және қабыну процесі (мысалы, мастит) болған жағдайда. АИТВ ана сүті арқылы берілетін маңызды фактордың бірі болып қала береді: жұқтырылған нәрестелердің үштен біріне дейінгі бөлігі дәл осы жолмен жұқтыруы мүмкін. Вирус ана сүтінде болады және баланың асқазан-ішек жолының шырышты қабаты арқылы енуі мүмкін. Қауіпті арттыратын факторларға мыналар жатады:

– ананың жоғары вирус жүктемесі;

– антиретровирустық терапияның болмауы;

– жарақаты бар немесе ұзаққа созылған босану;

– баланы аралас тамақтандыру (ана сүті + жасанды тамақ);

– анада немесе балада инфекциялардың болуы.

Жыныстық серіктестермен жұмыс істеу ерекше маңызды, өйткені көп жағдайда олар – әйелдердің бастапқы жұқтыру көзі, бұл өз кезегінде инфекцияның балаға берілу қаупін арттырады.

Ең алғашқы және маңызды қадам – АИТВ-статусты анықтау. Жүкті әйелге жүктілік бойынша есепке тұрған кезде тест тапсыру, кейін үшінші триместрде қайта тексерілу, ал қауіп болған жағдайда – бала емізу кезеңінде қосымша тексерілу ұсынылады. Серіктес те әйел жүктілікке есепке тұрған кезде тексеруден өтуі тиіс, әсіресе егер ол соңғы үш ай ішінде тексерілмеген болса, қауіп-қатерлі байланысы болса немесе өз статусына сенімді болмаса. Бірлескен тестілеу инфекцияны ерте анықтауға, қажет болған жағдайда, емді уақытында бастауға және вирустың балаға берілу қаупін азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл серіктестер арасындағы сенімді нығайтады.

Егер серіктестердің бірінен АИТВ анықталса, қазіргі медицина бұл ауруды тиімді бақылауға мүмкіндік беретінін түсіну маңызды. Жүкті әйелге антиретровирустық терапия тағайындалады, ол оның денсаулығын сақтауға және вирустың балаға берілуін іс жүзінде толық болдырмауға көмектеседі. Бұл ретте емді уақытында бастау және дәрігердің ұсынымын қатаң сақтау аса маңызды. Бала дүниеге келгеннен кейін де профилактикалық ем алады, бұл инфекция қаупін одан әрі төмендетеді.

Егер серіктестердің бірі АИТВ – оң, ал екіншісі АИТВ – теріс болса, қатынасуға дейінгі профилактика (PrEP) ерекше маңызға ие. Бұл – АИТВ-теріс адамның жұқтырудың алдын алу үшін антиретровирустық препараттарды қабылдауы. PrEP әсіресе жүктілікті жоспарлаған немесе мүшеқап қолданбайтын жұптар үшін өзекті. Дәрілерді дұрыс әрі тұрақты қабылдаған жағдайда жұқтыру қаупі айтарлықтай төмендейді. Мұндай профилактика тек дәрігердің бақылауымен жүргізілуі тиіс. АИТВ-оң серіктес ем қабылдап, вирустық жүктеме анықталмайтын деңгейге жеткен жағдайда, вирустың берілу қаупі барынша төмен болады. Сондай-ақ қатынасудан кейін профилактика туралы білу маңызды: қорғалмаған жыныстық қатынас болған жағдайда немесе жұқтыру қаупі туындаса, мүмкіндігінше тез, ең дұрысы, 72 сағат ішінде дәрігерге жүгіну қажет.

АИТВ-ның алдын алуы қарапайым, бірақ тиімді шаралар кешенін қамтиды, оларды екі серіктес те сақтауы тиіс. Мүшеқап қолдану – АИТВ және жыныстық жолмен берілетін басқа инфекциялардан қорғанудың ең сенімді тәсілдерінің бірі, әсіресе босанғаннан кейінгі кезеңде.

Серіктестердің өзара адалдығы да жұқтыру қаупін айтарлықтай төмендетеді. Сонымен қатар ашық әрі шынайы қарым-қатынас өте маңызды. АИТВ-статус, қауіптер және тексерілу қажеттілігі туралы әңгімелесу уақытылы шаралар қабылдауға, алаңдаушылықты азайтуға және сенімді нығайтуға көмектеседі. Жүкті әйел үшін серіктестің қолдауы ерекше маңызды, өйткені психологиялық жай-күй де денсаулыққа әсер етеді.

АИТВ-ның тиімді профилактикасы үшін жұп тұрақты түрде медицина тексеруінен өтіп, уақытында тест тапсырып, дәрігердің ұсынымын орындап, қажет болған жағдайда, қорғану құралдарын қолдануы тиіс. Бұл қарапайым қадамдар қауіптерді барынша азайтып, ана мен бала үшін қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

АИТВ-ға тестілеуден АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығында, сондай-ақ тіркелген емханада өтуге болады. Уақытылы тексерілу – денсаулықты сақтаудың және инфекцияның алдын алудың маңызды қадамы. Осылайша, жүктілік кезіндегі АИТВ профилактикасы – әйел мен оның серіктесінің ортақ міндеті. Өз денсаулығына саналы қарау, тексеруге қатысу, мамандардың ұсынымын орындау және бір-біріне қолдау көрсету тәуекелдерді айтарлықтай төмендетіп, дені сау баланың дүниеге келуіне жағдай жасайды. Болашаққа қамқорлық дұрыс шешімнен басталады. Байланыс мекенжайы: Астана қаласы, Ілияс Есенберлин көшесі, 5/1, телефондарымыз: 38-07-02, 38-04-64, сайт: kazaids.kz

Г.САКУПОВА,
Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК эпидемиолог-дәрігері

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы № 505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес «Майлықожа көшелерінің қиылысы ауданында Бытығай тұйық көшесі мен Астана қаласындағы Болашақ көшесі егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын» әзірлеу бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды «Көпфункционалды сауда кешені» нысанын орналастыру бөлігінде.

Тапсырыс беруші «Астана Боттлерс» ЖШС. Қоғамдық талқылаулар 2026 жылғы 21 мамырдағы сағат 10:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайында өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде k.baigabylova@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI ҚРЗ «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 25-бабының 10-тармағына сәйкес, ЖШС «Астана – Өрнек» тұтынушылар мен басқа да мүдделі тұлғалар алдында 2025 жылға арналған реттелетін қызмет түрі – электр энергиясын беру туралы есепті тыңдаулар өткізетіндігін хабарлайды.

Есептің өту орны мен күні – 2026 жылғы 29 сәуір, ЖШС «Астана – Өрнек», Астана қ., Қабанбай батыр к-сі, 22. Өту уақыты 15.00-де.

Астана қаласы мәслихатының депутаттары мен аппараты атынан V-VI сайланымдарының депутаты Шайдаров Мажит Зейноллаұлына ағасы

Шайдаров Ғабиден Зейноллаұлының

қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтамыз.

Оның кәсіби біліктілігі, өмірлік даналығы және адами қасиеттері өзімен бірге қызмет атқарған әріптестерінің жадында мәңгі сақталады.

Ғабиден Зейноллаұлының жарқын бейнесі туған-туыстары мен әріптестерінің жүрегінде әрдайым сақталады. Қайғыларыңызға ортақтасып, осы ауыр сәтте сізге сабыр мен күш-қуат тілейміз.

№48 (4946) 25/04/2026 Сенбі

ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІККЕ ҮНДЕЙТІН КІТАП

Аманғали ҚАЛЖАНОВ



Ұлттық академиялық кітапханада белгілі жазушы-этнограф, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Төрехан Майбастың «Қазақ халқының көмескіленген этнографиясы» кітабының таныстырылымы өтті. Бұл еңбек Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау» бағдарламасы бойынша жарық көрді.

Ұлттық кітап күні аясында ұйымдастырылған іс-шараға Парламент депутаттары, ғалымдар мен қаламгерлер, зиялы қауым өкілдері жиналып, аталмыш еңбек туралы салиқалы ой өрбітті. Алғашқы болып сөз сөйлеген Президент кеңесшісі, академик Бауыржан Омаров этнографиялық еңбекті жазудың талаптарына тоқталып, «Қазақ халқының көмескіленген этнографиясы» кітабы сол талаптардың барлығына жауап беріп, оқырмандардың олжасына айналатынын айтты.

Көрнекті ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Серік Ақсұңқарұлы Мемлекет басшысының «кітап оқитын ұлтқа айналайық» деген бастамасын қолдауға шақырып, Сейіт Кенжеахмет пен Ақселеу Сейдімбектен кейін үшінші этнограф-жазушы ретінде Төрехан Майбас деп есептейтінін, ол осы салада жетістіктерге жеткенін айта келе, осы этнографиялық еңбекті Мемлекеттік сыйлыққа ұсыну керектігін жеткізді, өзінің «Қош, кітаптың ғасыры» өлеңін оқып берді.

Парламент Мәжілісінің депутаты Асхат Аймағамбетов Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановтың авторға сәлемін жеткізе келе, жаңа Конституцияда мәдениет мәселесі, жалпы ұлттық мәдениет пен ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелері ерекше көрсетілгенін, осы талап пен бұл кітап арасында айрықша үндестік барын атап өтті. Этнографтардың осы мәселелерге қосар үлесі өте зор болатынын, Төрехан Әкімжанұлы оған өмірін арнап келе жатқанын, бір өзі тұтас ғылыми институттың міндетін атқарып шыққанын айтты.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Тілеген Садықов ғылыми тұрғыдан кітаптың құндылығы туралы баяндама жасады. «Қазақ газеттері» сериктестігінің бас директоры, академик Дихан Қамзабекұлы автор қазіргі заманда ұлтымызға рухани құндылықтар аса қажет екенін жақсы түсінгендіктен, осы еңбегін еліміздің рухани беріктігі үшін жазғанын айтып өтті. Төрехан Майбас кітабында біз қазір теріс ұғып жүрген кейбір мақал-мәтелдерді, тұрақты тіркестерді қалпына келтіргенін, бөрітон, құртқа, бопай, тоқай, т.б., жалпы жүздеген сөзге түсінік бергенін айта кетті.

Парламент Мәжілісінің депутаттары Құдайберген Бексұлтанов, Нұрлан Әуесбаев, Аманжол Әлтай, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің өкілдері, соның ішінде ақын, ғалым, филология ғылымдарының докторы Қойлыбай Асанов, «Saryarqa aqparat» медиахолдингінің директоры Қайрат Әбілда сөз сөйледі. Ардагер журналист Нұрхан Хамзеұлы «Қазақ халқының көмескіленген этнографиясы» кітабын ағылшын және орыс тілдеріне аудару керектігін айтты. Таныстырылымды түйіндеген Төрехан Майбас жиналғандарға алғыс айта келе, этнографиямен 11 жасынан айналыса бастағанын, оған ұста нағашы атасының ашаға деген сөзі түрткі болғанын, содан бері 60 жылдан астам уақыт өткенін жеткізді.

Ұлттық кітап күнімен тұспа-тұс келген «Ғалымның хаты – ұлт қазынасы» атты салтанатты іс-шара аясында тарих ғылымдарының докторы, профессор Жамбыл Артықбаев жеке қорын Астана қаласының мемлекеттік архивіне тапсырды.

ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ



Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Іс-шараға отандық ғылым мен білім саласының белгілі тұлғалары жиналып, Жамбыл Омарұлының қазақ тарихына қосқан үлесі туралы жылы лебіздерін білдірді.

«Бүгінгі шара Ұлттық кітап күнімен тұспа-тұс келіп отыр. Біз архив қорына белгілі профессор Жамбыл Омарұлының жеке қорын қабылдап алып отырмыз. Бұл – тек құжаттар топтамасын қабылдап алу емес, ұлт тарихын түгендеуге арналған тұтас бір ғұмырдың жемісін болашақ ұрпаққа аманаттау рәсімі десем қате болмас. Жамбыл Омарұлының: «Жады әлсіресе, рух әлсірейді» деген ұстанымы бүгінгі жиынның басты лейтмотиві болды. Жиынға қатысқан ғалымдар Жамбыл Омарұлының шежіретануды ғылыми жүйеге келтірудегі, этноәлеуметтік құрылымды зерттеудегі ерен еңбегін жоғары бағалады» деді Астана қаласының мемлекеттік архивінің директоры Жангелді Бимолдин.

Бұл қордың ашылуы – жас тарихшылар мен этнографтар үшін үлкен мүмкіндік. Мұндағы әрбір құжат – қазақтың өткенін тануға, ұлттық болмысты ұғынуға таптырмас құрал. Ғалымның өмір бойы жинаған деректері – қазақ халқының тарихы, шежіресі, өткені мен бүгінін, ұлттық болмыс мәселелерін қамтитын іргелі еңбектер.

Танымал тарихшының тектік қорының ашылуы – жеке ізденістің жалпыұлттық игілікке айналуы. Енді профессордың қолжазбалары мен жинақтаған мәліметтері архив сөрелерінде ғылыми айналымға еніп, жас зерттеушілер мен студенттерге жол ашпақ.

«СУДАҒЫ САҒЫМ» ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

Астана қаласында «Astana Eurasian Book Fair 2026» аясында Мира Шүйіншәлиеваның «Судағы сағым» кітабы мен қазақ ертегілері топтастырылған «Ертегілер» жинағының ресми тұсаукесері өтті.



Тұсаукесерге Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов, «Атамұра» корпорациясының президенті Рақымғали Абраруұлы, ақын, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің деканы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Серікзат Дүйсенғазы және зиялы қауым өкілдері қатысты. Іс-шара Қазақстан Республикасы Президенттік орталығында ұйымдастырылды.

«Судағы сағым» кітабы – повесть пен әңгімелер жинағы. Осы кітап «Атамұра» баспасынан шыққан. Кітапта қоғамның шынайы келбеті, адам жанының терең иірімдері, махаббат пен жалғыздық, өкініш пен арман тақырыптары көркем бейнеленеді.

– Автор өмірдің өткінші сәттерін астарлы түрде жеткізіп, оқырманды терең ойға жетелейді және жаңаша көзқарас қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл кітапты бастан аяқ бір деммен оқып шықтым. Оқырманды еліктірер тұсы жетерлік. Бүгінгі іс-шарада Мира ханыммен кездесіп, оқырман ретіндегі өз тілегімді жеткіздім, – деді ақын Серікзат Дүйсенғазин.

Мира Шүйіншәлиева – жазушы-драматург, журналист. ҚР «Құрмет» орденінің иегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және «Шабыт» фестивалінің лауреаты.

АЛҒАШ РЕТ ЭТНОС ӨКІЛДЕРІ АЙТЫСТЫ


1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында Астанадағы Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияда еліміздегі өзге этнос өкілдерінің қатысуымен алғаш рет республикалық айтыс өтті.

Райхан РАХМЕТОВА

Елорда әкімдігі, Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен және Айтыс ақындары мен жыршы, термешілердің халықаралық одағының ұйымдастыруымен өткен «Алтын шаңырақ» республикалық айтысына барлығы 12 этнос өкілінен 6 жұп айтыскер қатысты.

Өзге этностың әр өкіліне елге танымал бір қазақ айтыскері жетекші ретінде бекітілді. Атап айтқанда, белгілі айтыскер ақындар – Алтынгүл Қасымбекова, Иранғайып Күзенбаев, Әсем Ережекқызы, Мейірбек Сұлтанхан, Нұрбол Жауынбаев және Нұрлан Есенқұлов және басқалар өнер думанының мазмұнын байыта түсті. Өнер додасын ҚР еңбек сіңірген қайраткері, белгілі ақын Аманжол Әлтай жүргізді. Айтыскерлер қазақтың төл өнері арқылы ел бірлігі мен ынтымағын жырға қосты. 11 өңірден келген айтыскерлер арасында Астанадан белгілі айтыскер Иран-Ғайып Күзембаев жетекші болған неміс этносының өкілі Эльдана Габерман және Мейірбек Сұлтанхан жетекшілік еткен молдаван қызы Алла Платонова өнер көрсетті. Өзге айтыскерлер Атырау, Қарағанды, Жамбыл, Қостанай, Абай, Ақтөбе, Алматы облыстары, Көкшетау, Шымкент, Алматы қалаларынан қатысты.

Айтыс аламанында қостанайлық қазақтың келіні, тіл жанашыры Ирина Новицкая мен оның жетекшісі Жібек Шахмарданқызы бас жүлдені иеленіп, 3 млн теңгені қанжығасына байлады. 1-орынды қарағандылық кәріс этносының өкілі Валерия Цой иеленді. Ал 2-орынды атыраулық башқұрт өкілі Анварбек Садыков және елордалық Эльдана Габерман өзара бөлісті. 3-орынды Абай облысынан ұйғыр өкілі Хамида Саметова, ақтөбелік украин өкілі Хитрук Қанат алды.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Шеф-редактор **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 10 200. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №48
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Айгүл УАЙС**